

Газет 2018 жылдың 4 мамырынан шыға бастады

## «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖАҢА ҚҰРАМЫ БЕКІТІЛДІ



— **Сауат МЫҢБАЕВ**

Еліміздің мұнайгаз саласындағы ірі отандық ұлттық оператор – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының жаңа ұйымдастырушылық құрылымы жасақталып, Басқарманың жаңа құрамы бекітілді. Құрылымдық өзгерістерге байланысты, Сауат Мұхаметбайұлы Мыңбаев Басқарма төрағасы, Қайрат Қаматайұлы Шәріпбаев Басқарма төрағасының газ тасымалдау және маркетинг жөніндегі орынбасары, Құрманғазы Орынғазыұлы Есқазиев Басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнайсервистері жөніндегі орынбасары, Дәурен Сапарәліұлы Қарабаев Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры, Данияр Сүйіншілікүлы Тиесов Басқарма төрағасының мұнай тасы-

малдау және маркетинг жөніндегі орынбасары қызметін атқарады. Сонымен қатар, Серік Сақбалдыұлы Әбденев Адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директоры, Ардақ Жұмағұлұлы Мұқышов құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор қызметіне тағайындалды.

Айта кету керек, осы жылдың 12 маусымындағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің шешімі бойынша ҚМГ ҰК Басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнай сервистері жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалған Құрманғазы Орынғазыұлы Есқазиев «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры қызметін қоса атқарады.



— **Қайрат ШӘРІПБАЕВ**



— **Құрманғазы ЕСҚАЗИЕВ**



— **Дәурен ҚАРАБАЕВ**



— **Данияр ТИЕСОВ**



— **Серік ӘБДЕНОВ**



— **Ардақ МҰҚЫШОВ**

### ТАҒАЙЫНДАУ

### ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

## МИЛЛИОНДЫ ҚАЛАЙ ҰТУҒА БОЛАДЫ?

«EmbiMunayGas» АҚ еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік жұмыстарын ұйымдастыру бойынша жыл сайынғы байқау-конкурсының қорытындысын шығарды. 2017 жылдың қорытындысы бойынша, «Оқиғасыз 1000 күн» номинациясының жеңімпазы «Жылыой-мұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы деп танылып, миллион теңге сертификатына ие болды!

Салтанатты шара барысында «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің басшысы Қайрат ҚҰЛБАЛИЕВКЕ арнайы дипломды, естелік кубок пен сертификатты «EmbiMunayGas» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Айболат ҒАБДУЛЛИН табыс етті.

(Басы. Соңы 2-бетте)

## ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Біздің Компания үшін еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік талаптарын сақтау маңызды саналады. Осыған орай, осы бағытта табысқа қол жеткізген өндірістік бөлімшелер үшін сыйақы қорын бөлу туралы шешім қабылданды. Сыйақы қоры бөлімшелердегі еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік бөліміне беріліп, өндіріс қауіпсіздік талаптарын сақтау барысындағы шығармашылық ұсыныстарды

## МИЛЛИОНДЫ ҚАЛАЙ ҰТУҒА БОЛАДЫ?

жүзеге асыруға және белсенді қызметкерлерді ынталандыруға жұмсалады, – деп хабарлады **еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Ильяс САРЫБЕКОВ** «Ембі Тынысы» газетінің тілшісіне.

Үстіміздегі жылдың 20-маусым күні Құлсары қаласында өткен «Ембімұнайгаз» АҚ еңбек пен қоршаған ортаны қорғау, өндірістік қауіпсіздік мақсатындағы салтанатты жиын мен барлық номи-

нациялар бойынша жеңімпаздар туралы газетіміздің келесі санынан толығырақ оқи аласыздар.



## БАЛАЛАР ҚУАНҒАН КҮН

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

«Ембімұнайгаз» АҚ 1-маусым- Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған мерекелік бағдарламаны 31 мамыр күнгі қайырымдылық шарасынан бастады. Компания басшылығы **Басқарма төрағасы Ә.Е.Жақсыбеков**, **Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары, «Нұр Отан» партиясының «Ембімұнайгаз» АҚ бастауыш партия ұйымының жетекшісі А.Ғ.Габдуллин**, **Әлеуметтік саясат жөніндегі Басқарушы директор С.Ж.Нақпаев** жүйке ауруына шалдыққан балалар тәрбиеленетін облыстық сәбилер үйінде болып, бүлдіршіндерді мерекемен құттықтады.

1973 жылы құрылған сәбилер үйінде бүгінгі таңда жаңа туған нәрестелер мен 4 жасқа дейінгі бүлдіршіндер, барлығы 17 сәби тәрбиеленуде. Олардың 5-уі ата-ана мейірімсіз қалған жетімдер болса, қалғандарының ата-аналары



әлеуметтік қиындықтарға байланысты бүлдіршіндерін уақытша осы орталыққа тапсырған. Мұндай балалар үшін сәбилер үйінде «Үміт» тобы құрылып, балалардың ата-аналарымен үнемі кездесіп тұруларына бар мүмкіндік жасалған. Жағдайлары оңалған ата-аналар кез-келген уақытта балаларын сәбилер

лаларына, ауыр науқасқа ұшыраған балаларға, балалар үйінің тәрбиеленушілеріне тұрақты көмек көрсетіп келеді. Жалпы, ембілік мұнайшылар өндіріс пен әлеуметтік саланы қатар өрбітіп, көмекке мұқтаж жандардың ауыр тағдырына қолдау көрсетуді ұдайы назарда ұстауда. Бұл мақсатта компания бюджетінен қомақты қаражат аударылуда, – деп атап өтті **«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков**.

Сәбилер үйінің бүлдіршіндері өз кезектерінде мұнайшы аға-апаларына арнап мерекелік концерттік бағдарламаларын ұсынды.

1-маусым күні «Ембімұнайгаз» АҚ Бас кеңсесінде мұнайшы балаларына арналып өнер Фестивалі ұйымдастырылды. Оған 7-14 жас аралығындағы балалар қатысып, өз өнерлерін ортаға салды. Жас жеткіншектер салған әсем ән мен мың бұралған биді, күмбірлеген күйді тамашалаған мұнайшылар балалар өнерлеріне қол соғып, барлық өнерпазға естелік сыйлықтар табыс етті.



үйінен алып кете алады.

Атырау облыстық сәбилер үйінің тәрбиеленушілерін мерекемен құттықтай барған мұнайшылар бүлдіршіндерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлап,

әрқайсысына сыйлықтар табыс етті.

– Компания «Қайырымдылық және демеушілік» бағдарламасының аясында мұнайлы өңіріміздегі әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы ба-



# «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

# 2027 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ



## Даму тұжырымдамасына сәйкес мақсатымыз

- Мұнай қорларының және мұнайды өндіру көлемінің артуы \*.
- Менеджментті ұзақмерзімді басымдықтар мен маңызды жобаларға бағыттау.
- Инвестициялық әлеуетті жүзеге асыру \*\*.



## Компанияның миссиясы қандай?

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.



## 10 жылдан кейін Ембі қандай болады?

2027 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ ұзақмерзімді дамуы қамтамасыз ететін жоғары білікті қызметкерлері мен тиімді ресурстық базасы бар, қауіпсіздіктің жоғары стандарттарына сай келетін, мажоритарлық мемлекеттік қатысуы бар, тиімділігі жоғары мұнай-газ компаниясы болады.




## Компания қандай даму жоспарын таңдады?

### ҚОРЛАР



барлық кен орындарының  
орташа игерілуі  
69%-ды құрайды




2018 ж. — 75,49 млн. тонна  
2027 ж. — 184,68 млн. тонна

### ӨНДІРУ КӨЛЕМІ



мұнайды шығарудың ағымдағы  
коэффициенті  
**0,284**



**0,412-ге**  
дейін жеткізу

2018 ж. — 2,9 млн. тонна  
2027 ж. — 3,1 млн. тонна  
2032 ж. — 11,3 млн. тонна

# «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

# 2027 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ



## Біз қандай мақсаттар қоямыз?



**Ресурстық базаны ұлғайту** арқылы ЕМГ АҚ-ның тұрақты әрі ұзақмерзімді (25 жылдан астам) дамуын қамтамасыз етіп, тұрғындардың жұмыспен қамтылуын және акционерлік құнды қалыптастыруды жүзеге асыру, ол үшін:

- қолданыстағы және жаңа келісімшарттарға сай геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу;
- қолданыстағы кен орындарында қосымша барлау жұмыстарын жүргізу.



**Өндірістік үдерістердің үздіксіздігін қамтамасыз ету** – ұңғымалардың жөндеуаралық кезеңін арттыру, арнайы техника паркін пайдалану коэффициентін арттыру және мұнай кәсіпшілігі жабдығын жаңарту бағдарламасын жүзеге асыру.



**Газ бизнесін дамыту** – ілеспе газды өңдейтін қолданыстағы қондырғыларды жаңғырту және жаңа қондырғылардың құрылысын жүргізу, метанол өндірісі.



**Меншікті электр энергиясын өндіру** – газ-поршенді электр станцияларын салу бойынша шараларды жүзеге асыру.



**Өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымды қолдау** – автожолдарды салу мен жөндеуді жүзеге асыру, жұмысшылардың баспанасы мен тамақтануы бағытындағы міндеттерді шешу.



**Жер қойнауын тиімді пайдалану және қоршаған ортаға теріс ықпалды төмендету** – өндіріс өсімі кезінде экологияға теріс ықпалды төмендететін жаңа технологияларды (энергия тиімді) енгізу.



## Біз қойылған мақсаттарға қалай қол жеткізе аламыз?

Компания дамуында ӘР қызметкердің рөлі маңызды. Компания МИССИЯСЫН басшылыққа алып, оның ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН бөлісіп және күнделікті тынбай жұмыс істеу арқылы біз барлық мақсаттарға ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ АЛАМЫЗ!



## Компания қандай құндылықтарды басшылыққа алады?



**Адам өмірі – біздің басты құндылығымыз.**

Өзіміз және әріптестеріміз үшін қауіпсіздік мәдениетін енгізу арқылы жұмысшыларымыздың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету. Жұмысқа келген қызметкер отбасына аман-есен оралуы тиіс.



**Әр істі соңына дейін жеткіземіз.**

Компания алға қойған мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізуге тырысады. Біз жақсы нәтижеге қол жеткізуге ынтасы жоғары жұмысшыларды бағалаймыз.



**Туған жер мен Компанияға ұқыпты қарау.**

Компания қоршаған орта мен Компания мүлкіне ұқыпты қарайтын қызметкерлерді бағалайды.



**Кәсібилік.** Компания өз жұмысшыларының кәсіби біліктілігін арттыру үшін барлық жағдай жасауда. Біз білімін жетілдіруге ынтасы бар жұмысшыларды бағалаймыз және кәсіби тұрғыда өсуге бәріне бірдей жағдай жасаймыз.



**Этика және жеке тұлғаға деген сыйластық.**

Компания сыйластық пен сенімге негізделген өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға ұмтылады.

## САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

## ЖАРЫС ЖОЛЫНДА – ЕМБІЛІК МҰНАЙШЫЛАР



2018 жылдың маусым айының 6-8 күндері аралығында «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нің «Каспий самалы» мұнайшылардың вахталық поселкесінде өндірістік құрылымдық бөлімшелер (бұдан әрі ӨҚБ) қызметкерлерінің арасында «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ компаниялар тобы қызметкерлерінің спартакиадасына іріктеу турнирі өтті. ҚМГ ҰК компаниялар тобы қызметкерлері спартакиадасының финалдық кезеңі ағымдағы жылдың шілде айында Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күніне орай ұйымдастырылады.

Іріктеу жарысына ӨҚБ-дан 100-ден аса жұмысшы қатысты. Негізгі турлар вахталық қалашықтың үлкен спорт залында өтті.



Тартысқа толы бәсекелер нәтижелері төмендегідей болды:

- **Ерлер арасында баскетболдан** I орынды «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ командасы жеңіп алса, II орын «Қайнаrmұнайгаз» МГӨБ командасына бұйырды. Ал, III орынды «Ембімұнайэнерго» командасы еншіледі;
- **ерлер арасында волейболдан** I орынды «Жайықмұнайгаз» МГӨБ

командасы иеленді, ал, «Доссормұнайгаз» бен «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ командалары II және III орындарды бөлісті;

- **қыздар арасында волейболдан** «Жайықмұнайгаз» МГӨБ командасы жеңіс тұғырынан көрінді. «Доссормұнайгаз» МГӨБ командасы II орынды иеленсе, III орын – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ командасында;



- **ерлер арасында үстел теннисінен** «Қайнаrmұнайгаз» МГӨБ қызметкері Арслан Джиеналиевке тең келер ешкім болмады. Ал, II орын «Доссормұнайгаз» МГӨБ-нен Самат Есқараевқа бұйырды. III орынға «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ қызметкері Серік Омаров қол жеткізді;

- қыздар арасында үстел теннисінен I орынды «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нен Тамара Сабирова жеңіп алды. II орынды «Доссормұнайгаз» МГӨБ-нен Светлана Орынтаева еншіледі. Ал, «Қайнаrmұнайгаз» МГӨБ қызметкері Гүлжайна Ғұмарғалиева III орынды иеленді;

- **ерлер арасында шахматтан** «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нен Білімпаз Қабдолов I орынға қол жеткізді. «Қайнаrmұнайгаз» МГӨБ қызметкері Ғабиден Шаңқанов – II орын, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нен Сырым Мұратов III орынды иеленді;

- **қыздар арасында шахматтан** «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нен Ақмарал Усалиева алдына жан салмады, ал, Гүлшат Жұмалиева («Доссормұнайгаз» МГӨБ) мен Мугилсин Молдабаева

(«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ) II және III орындарды алды;

- **ерлер арасында тоғызқұмалақтан** ӨТҚЖЖКБ қызметкері Тұрар Естеков жеңіске жетсе, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нен Рахымжан Теміров – II, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нен Мереке Сарин III орындарды иеленді;
- **қыздар арасында тоғызқұмалақтан** «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нен Айнұр Меңдібай жеңіске жетсе, Айнұр Аймақова («Доссормұнайгаз» МГӨБ) мен Гүлзира Алдашева («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ) II және III орындардан көрінді.
- **80 келіге дейінгі армрестлингтен** I орынды «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нен Берік Қалешев



қанжығасына байласа, Шәкәрім Қылышнұзұлы («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ) – II, Алтынбек Әжігүл («Доссормұнайгаз» МГӨБ) III орындарды жеңіп алды.

- **80 келіден артық қол күресінен** «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нен Әнуарбек Дюсемалиевтен мықты ешкім табылмады. «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нен Арман Сағадаевқа II орын бұйырса, «Доссормұнайгаз» МГӨБ-нен Данияр Қалабаев III орынды иеленді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді «Ембімұнайгаз» АҚ атынан әлеуметтік саясат департаменті директорының міндетін атқарушы Амантай Дүйсеғалиев пен «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бастығы Мақсат Наукенов дипломдармен марапаттады.



## ФОРУМ

**Семинар-форумға құрылымдық бөлімшелердегі әлеуметтік саясат бөлімдерінің өкілдері, вахталық поселкелер жатақханасының коменданттары, ЕМГ өндірістік нысандарында қызметкерлердің тамақтануы бойынша қызмет көрсететін «KMG EP-Catering» ЖШС мердігер мекемесінің басшылығы мен орта басқарушылық топ өкілдері қатысты.**

– Форум өткізудегі негізгі мақсатымыз – ембілік мұнайшыларға көрсетілетін қызмет сапасын арттыру. Тамақтандыруды ұйымдастыру барысында қатаң талап қойылған компанияларда ешқандай сұрақтар туындама-

## ТАМАҚТАНДЫРУ САПАСЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

уы керек, жоғарғы стандартты қызмет көрсету сақталуы тиіс, – деп атап өтті өз сөзінде **ЕМГ инфрақұрылымдық нысандарды және сервисті басқару департаментінің директоры Сансызбай КҮМІСҚАЛИЕВ**.

Семинар-форум барысында қатысушылар ағымдағы жағдайға қатысты талдау жасап, Компания қызметкерлерін тамақтандыруды сапалы ұйымдастыру бойынша шаралар жасақтады. Тамақтандыруды ұйымдастыру үдерісін жаңғырту және халықаралық, соның ішінде ХАССП стандарттарын енгізу мәселелері қаралды.

**Инфрақұрылымдық нысандарды және сервисті басқару департаментінің маманы Алмаз ЖҰМАЛИЕВ** «KMG EP-Catering» ЖШС-нің орта басқарушылық топ қызметкерлерінің жұмыстарына талдау жасады. Маман-



дарды дайындау, ішкі оқыту жүйелері, еңбекті бөлу, үй-жайлар экспликациясы мен өндірістік үдерістерге бақылау орнату сауалдары көтерілді.

Семинар-форум мұнайшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту мәселелері талқыланып, басқа да өндірістік сауалдар көтерілді.

## МЕРЕКЕ



өкілдері және ардагер экологтар қатысты.

– «Ембімұнайгаз» АҚ өзінің келісімшарт аймақтарында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша үлкен жұмыстар атқарып келеді. Ауаға жіберілетін өндірістік қалдықтардың көлемін азайту мақсатында ілеспе газды пайдаға жарату Бағдарламасын жүзеге асыру үшін Исатай, Мақат, Жылыой аудандарындағы өндірістік нысандарда үш қондырғы салынып, іске қосылды. Осы арқылы ЕМГ газды ауаға жақпай, Атырау облысындағы үш ауданның тұрғындарын көгілдір отынмен қамтып отыр. Компания өндіріс қалдықтарын өңдеу бойынша жүйелі ісшаралар ұйымдастырып, мұнай қалдықтары төгілген жер қабатын тазалауды жүзеге асыруда. Биыл 100 мың тоннадан астам тарихи ластанған топырақты биоремедиация әдісімен тазалау жоспарланып отыр, – деп атап өтті салтанатты жиындағы сөзінде **ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ**.

Салтанатты жиында Ембі кен алаңдарында қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау барысында табысты еңбектерімен көзге түскен «Жылыоймұнайгаз» МҒӨ басқармасының қоршаған ортаны қорғау бөлімінің басшысы Қазы Бисенов пен Орталық басқару аппаратының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 1 категориялы инженері Гүлбақыт Дәуленбаеваға Ә.Жақсыбеков «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның Құрмет грамотасын табыс етті.

## ҮЗДІК ЭКОЛОГТАР МАРАПАТТАЛДЫ

Атырау қаласындағы Құрманғазы атындағы мәдениет сарайында Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай мерекелік шара өтті. Салтанатты жиынға аймақтық мемлекеттік органдардың, мекемелердің басшылары мен қызметкерлері, үкіметтік емес ұйымдардың

## ТАҒЫЛЫМ

## БОЛАШАҚ МҰНАЙШЫЛАР КОМПАНИЯ МҰРАЖАЙЫНДА БОЛДЫ

**Х.Досмұхаметов атындағы Атырау мемлекеттік университеті енді болашақ мұнай-газ саласының мамандарын да дайындайтын болды.**

2017 жылы аталмыш оқу орнының жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдары факультетінде «Химия және химиялық технология» кафедрасы ашылды. Кафедра жұмысының мақсаты – еліміздің мұнай-газ саласының мамандарын дайындау. Жоғарғы оқу орнының бір топ студенттері – еліміздің болашақ мұнайшылары «Ембімұнайгаз» АҚ Интерактивті мұражайында болып, компанияның тарихымен танысты. Қазақ елінде алғаш мұнай өндіріле бастаған кезеңнен күні бүгінге дейінгі сала жұмысының даму тарихы көрініс тапқан мұражай директерімен танысқан студенттер алған әсерлерімен бөлісті.

Гүлжазира Рахметова: Маған әсіресе, Ұлы Отан соғысы кезіндегі Ембі өндірісінің дамуына арналған бұрыш ұнады. Болашақ мұнайшы ретінде байырғы мұнайшылардың еңбек және өмір жолдарына қызығушылық танытып, ізденіп жүретінмін. Мұражайдағы деректер маған алдағы уақыттарда керек болады. Құнды мәліметтер тапқаныма қуаныштымын.

«МЕН – ЕМБІЛІКПІН!»

## МЕНИҢ ӘРІПТЕСІМ – ТАМАША ЖАН (ЭССЕ)

Ол – менің әріптесім, «Терең-өзек» мұнай өндіру цехының жөндеушісі Наурызалы Жұмағалиев. Осы цехта көп жылдан бері абыройлы еңбек етіп келеді. Ол – өз ісінің шебері, кәсібінің қыр-сырын меңгерген, жастарға үлгі, ұжымдастар арасында беделге ие болған жан. Кәсіби біліктілігімен, ерекше іскерлігімен танылған құзыретті тұлға. Оның әрбір ісі өзгелерге өнеге. Әр маманның сұрағына әрқашан ақыл-кеңесі дайын, тәжірибесі – таптырмас үлгі.

Атырау мұнай-газ институтының механика факультетінің түлегі, жоғары білімді Жұмағалиев Наурызалы – өз кәсібі бойынша бәсекеге қабілетті маман екенін дәлелдеген жан. Кәсіби мамандар арасында өткізілетін «Үздік маман» байқауының жеңімпазы.

Еселі еңбегімен ғана емес, өзіндік тұлғалық жеке үлесімен де цехымыздың мерейін өсіріп жүр. Әріптесім – жан-жақты дамыған қабілетті жан. Әсіресе, ол спортпен айналысқанды жақсы көреді. Сол себепті болар, цехаралық, басқармааралық спорттық жарыстарға белсене қатысады. Ол – ауыр салмақ көтеру сайысының жеңімпазы. Наурызалы – цехаралық футбол құрама командасының тұрақты мүшесі. Футбол ойыны бойынша иеленген жеңістерде оның да үлесі бар.

Ол – өз отбасының қамқоршысы, тірегі. Зайыбы Айсұлу Сабинова да осы «Терең-өзек» мұнай өндіру цехында оператор қызметін атқарады. Ол да – жоғары білімді маман. Екеуі бірге еңбек ете жүріп, тілектері үндесіп отбасын құрды. Бүгінгі күні төрт бала тәрбиелеп отырған үлгілі ата-ана, өнегелі отбасы. Үлкен ұлы Еркін – студент, кішілері мектеп оқушылары.

Наурызалы мұнайшылар әулетінен шыққан. Ата-анасы Қосшағыл мұнай өндіру цехының мұнайшылары болған. Әкесі өмірден өткен, анасы – қазірде зейнеткер.

«Әке көрген оқ жонар», демекші, әкесінен алған тәлім-тәрбие мен еңбек тәжірибесі Наурызалының абыройлы азамат болып қалыптасуына игі ықпалын тигізді. Бүгінгі күні ол көп құрметіне бөленген, әке арманына сай еңбек жолында да, өмірде де басқаларға үлгі болған жан. Мен оны мақтан тұтамын. Міне, менің әріптесім жаны таза, еңбегі адал, қайырымы мол тамаша жан!

**Гүлбағыт ИСПАНҒАЛИЕВА,**  
**«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ**  
**«Терең-өзек» мұнай өндіру цехының қабат**  
**қысымын қолдау операторы.**



## БЕРЕКЕЛІ ҰЖЫМНЫҢ БЕТІН ЕШКІМ ҚАҚПАЙДЫ

Ана жылдың аяғы 24-ші желтоқсанның таңы, таңғы сағат – 07.30. Қыстың суықты күндерінің бірі, күн әлі ұясынан шыға қоймаған. Бөлімше шарбағына таяп келем, бір адам бөлімше ішіндегі жалғыз қара ағаш айналасында біреуді күткендей ойлана, толғана, біресе жерге, біресе айналаға қарағыштайды.

Себебі, бұл – ол адам үшін үлкен күн, өз төл мерекесі – туған күні. Бұл күні Жолдас Елубайұлы Пайғамбар жасына жеткен еді. Сол күнгі ағамыздың тебіренісі бөлек болды, жарты ғасырға жуық еңбек етіп, өмірінің үштен бір бөлігі осы айналасындағы ұжымдастармен бірге өткендіктен, қимастық белгісін жүзінен аңғардым. Ағамыздың зейнеткерлік демалысына сәттілік тілеп, біз қалдық.

Шағын ұжымымыздың жұмысын жүргізіп, әзілін түсініп, жұмылдыра білген басшымыз Қайрат Дінғалиұлы Даулетбаев ағамыздың да жақсылығын да айтпасқа болмас.

Темірден түйін түйгізіп, жоқтан бар жасап өндіріс механизмдерінің тоқтауына жол бермеген Сүйеубай, Шалабай, Есімбек, Зейнеден, Аманқос, Қуаныш, Жақсылық сынды ел ағаларын, яғни, осы азаматтардың ізін басып, үлгі-өнеге алып, өнерлерін жадына түйіп, өсіп келе жатқан жас буындарымыз – Нәсіпқали, Мейрамгүл, Нұржан, Асылбек, Нұрлан, Мәлік т.б қыздарымыз бен жігіттеріміз ұжым шаңырағын биік ұстауда.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді атам қазақ. Бір қолдың білегіндей бірліктері жарасқан ұжымымыз әрқашан аман болып, еңбектері жана берсін деген тілек айтамын!

**Нұркен ЖАМАЛОВ,**  
**«Қайнармұнайгаз» МГӨБ**  
**«Қолданыстағы құрал жабдықтарды**  
**жөндеу және прокаттау» бөлімшесінің шебері.**




## Тәуліктік диспетчерлік қызмет 24/7



**«Интертич» клиникасының Атырау облысы мен қаласы бойынша аймақтық медициналық директоры**  
Мандровная Наталья Васильевна  
Ұялы тел.: +7 701 516 15 24  
Мекен-жайы: Владимирский к., 103



**Отбасылық педиатр**  
Мажитова Мамиля Кадимқызы  
Ұялы тел.: +7 701 494 85 60  
Тел. +7 7122 28 40 20  
Мекен-жайы: Владимирский к-сі., 98



**Атырау қаласындағы Интертич клиникасының бас дәрігері**  
Ибрагимова Зухра Арқынқызы, жоғары санатты дәрігер  
Ұялы тел.: +7 701 780 96 50  
Тел. +7 7122 28 10 50  
Мекен-жайы: Владимирский к-сі., 98



**Отбасылық педиатр**  
Варочкина Лидия Ивановна  
Ұялы тел.: +7 701 645 83 81  
Тел. +7 7122 28 40 20  
Мекен-жайы: Владимирский к-сі., 98



**Отбасылық дәрігер**  
Қайралиева Балжан Орынбасарқызы  
Ұялы тел.: +7 778 362 14 66  
Тел. +7 7122 28 40 20  
Мекен-жайы: Владимирский к-сі., 98



**Отбасылық педиатр**  
Орынбаева Нурзифа Каламбаевна  
Ұялы тел.: +7 701 494 85 60  
Тел. +7 7122 28 40 20  
Мекен-жайы: Владимирский к-сі., 98



**Компания кеңсесіндегі отбасылық дәрігер**  
Абдуллаева Зәуреш Кабидоллақызы  
Ұялы тел.: +7 701 302 12 25

- Медициналық орталықтың жұмыс уақытына сай кеңес беру;
- Шақырту арқылы дәрігерлердің үйге келуін ұйымдастыру;
- Жедел жәрдемді шақырту;
- Мамандарға жазылу.

## Атырау қаласы бойынша тәулік бойына байланыс нөмірлері:

**Интертич клиникасы**

Мекен-жайы: Владимирский к-сі., 98  
Тел: +7 (7122) 28 40 20, +7 775 700 7180  
Жұмыс уақыты: 08:00-ден 20:00-ге дейін

**Интертич клиникасы**

Мекен-жайы: Владимирский к-сі., 103  
Тел: +7 (7122) 28 10 50, +7 702 223 1319  
Жұмыс уақыты: тәулік бойына.

МЕНШІК ИЕСІ  
«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ

**ЕмбіМұнайГаз**  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Шығарушы:  
қоғаммен байланыс қызметі



<https://www.facebook.com/100016808373445>



[https://www.instagram.com/ao\\_embamunaigas](https://www.instagram.com/ao_embamunaigas)



<https://t.me/embamunaigas>



[www.emba.kz](http://www.emba.kz)

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

**Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ** – «Ембімұнайгаз»

АҚ Басқарма төрағасы; **Айболат**

**ГАБДУЛЛИН** – Басқарма төрағасының

өндіріс жөніндегі орынбасары; **Қайрат**

**ӘДІЛБЕКОВ** – Басқарма төрағасының

геология және кен орындарын игеру

жөніндегі орынбасары; **Бауыржан**

**БАЛЖАНОВ** – Басқарма төрағасының

бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары;

**Сәлімжан НАҚПАЕВ** – әлеуметтік

саясат жөніндегі Басқарушы директор;

**Ильяс САРЫБЕКОВ** – еңбекті және

қоршаған ортаны қорғау департаментінің

директоры; **Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА**

– қоғаммен байланыс қызметінің

менеджері

ХАТ-МАТЕРИАЛДАРЫҢЫЗДЫ  
ТӨМЕНДЕГІ МЕКЕН-ЖАЙҒА  
ЖІБЕРЕ АЛАСЫЗДАР:

Атырау қаласы, Ш.Уәлиханов  
көшесі, 1-үй, ЕМГ АҚ бас кеңсесі,  
105 кабинет

**СҮЛЕЙМЕНОВА Лаура**

8 (7122) 99-34-77

[L.Suleimenova@emg.kmgcp.kz](mailto:L.Suleimenova@emg.kmgcp.kz)

**ҚАРАЖАНОВА Ғалия**

8 (7122) 99-34-21,

[G.Karajanova@emg.kmgcp.kz](mailto:G.Karajanova@emg.kmgcp.kz)

**ЕРТЛЕУОВА Айгүл**

8 (7122) 99-32-09,

[A.Ertleuova@emg.kmgcp.kz](mailto:A.Ertleuova@emg.kmgcp.kz)

**ТУЛЕГЕНОВ Қарасай**

8 (7122) 99-34-80

[K.Tulegenov@emg.kmgcp.kz](mailto:K.Tulegenov@emg.kmgcp.kz)